



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

15 сәуір 2019 жыл

KASE 2019 жылдың бірінші тоқсанындағы биржалық нарықтың жұмыс қорытындыларын жариялайды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2019 жылдың бірінші тоқсанында биржалық нарықтың негізгі қызметінің қорытындылары туралы ақпараттандырады

- 2019 жылдың үш айындағы KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 31,7 трлн теңгені құрап, 2018 жылдағы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 6,2 % немесе 2,1 трлн теңгеге азайды.
- Бағалы қағаздар нарығы оң динамиканы көрсетті, мұндағы сауда-саттық көлемі 3,5 есе өсіп, 1,854 трлн теңгеге жетті.
- 16 жаңа эмитенттің бағалы қағаздары листинг процедурасынан өтті.
- 01 сәуірдегі жағдай бойынша биржада сауда-саттыққа 174 эмитенттің 412 атаудағы бағалы қағазы қолжетімді болды. Акциялар саны, эмитенттер санымен қатар, кезекті максималды мәндеріне жетті – тиісінше 138 және 123.
- KASE Индексінің мәні 6,8 % өсіп, 2 461,26 нүктеге жетті.
- Жылдың басынан бастап акциялар нарығының капиталға айналуы 2,9 % артып, 15,9 трлн теңгеге жетті.
- Борыштық нарықтағы орналастырулардың көлемі 1,203 трлн теңгені құрады.
- 2019 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атына ашылған 118 537 жеке шот болды, бұл 2019 жылдың басындағы санынан 1 713 шотқа артық.

ӨЗЕКТІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2019 жылдың үш айында KASE келесідей жобаларды жүзеге асырып, іс-шаралар өткізді:

- 29 наурызда "Биржалық симулятор" атты KASE жобасы аясында оқу сауда-саттықтарының салтанатты ашылуы болып өтті. Жобаның мақсаты – қор нарығы туралы білімдерін тереңдетіп, инвестициялаудың практикалық дағдыларына қолжеткізуге ниеттенген, студент жастар арасында қаржылық сауаттылықты арттыру. Жоба 2008 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. 11 жылда Қазақстанның, сондай-пақ таяудағы және қиырдағы шет мемлекеттердің 80 жоғарғы оқу орындарында дәріс алып жатқан, 6 мыңнан астам студент қатысты.
- 20 наурызда "KASE Talks" жобасы аясында Дмитрий Жеребятъевтің қатысуымен ашық лекция өткізілді. Осы жоба шегінде бұл сегізінші лекция.
- 19 наурызда KASE "Investor Relations: инвесторлармен тиімді коммуникациялар" семинарын өткізді.
- 07 наурызда БҰҰ "Тұрақты қор биржалары" бастамасы және ""БҰҰ әйелдер" құрылымы аясында KASE "Ring the Bell for Gender Equality" сауда-саттықты салтанатты ашу рәсімін

өткізді. БҰҰ Бастамасына KASE 2015 жылдың 24 қыркүйекте қосылған. Жыл сайын осы акцияны бүкіл дүние жүзі бойынша 70 биржа қолдайды.

- 26 ақпанда KASE Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің оқу орталығының магистранттарына арналған таныстыру лекцияларын өткізді. KASE өкілдері "KASE – қаржы тартуға арналған платформа", "Листингілік талаптар мен ақпараттар ашу процедуралары", "KASE сайты: ақпараттарды іздеу және онымен жұмыс жасау", "Биржада қалай саудалайды?".
- 26 ақпанда "ұзын" валюталық своптар бойынша алғашқы мәмілелері жасалды – бір апталық своптармен жасалған бір мәміленің сомасы 5 млн АҚШ долларын құрады (1,9 млрд теңге) және апталық своптармен екі мәміле жасалды, олардың сомасы 7 млн. АҚШ долларын құрады (2,6 млрд теңге). Барлық мәмілелер жылдық 7,5 % мөлшерлеменен жасалды.
- 26 ақпанда KASE компаниялардың қаржылық және заңгерлік бөлімшелерінің қызметкерлеріне арналған "Қор нарығының негіздері" тақырыбына ақпараттандыру-түсіндіру семинарын өткізді.
- 29 қаңтарда KASE және "Мәскеу Биржасы" қол қойылған Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге іске асыру аясында KASE 32 360 акциясын сату бойынша мәміле жасасты. Осы мәміленің нәтижесінде Биржа капиталындағы MOEX үлесі орналастырылған акциялардың 3,32 % құрады.
- 24 қаңтарда "KASE Talks" жобасы аясында Тимур Турловтың қатысуымен ашық лекция өткізілді. Осы жоба шегінде бұл сегізінші лекция, бұл іс-шара Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі мен қаржы нарығын құруға елеулі үлестерін қосқан танымал қазақстандық қаржыгерлермен кездесулер өткізуді қарастырады.
- 17 қаңтарда Биржа және қазақстандық қаржы нарығының құрылу тарихына арналған, KASE "Болашақ құрылу тарихы" кітабының тұсаукесері өтті. Кітап үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрді. Кітап 2018 жылдың қараша айында болып өткен, KASE 25-жылдығына орай шығарылды.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Акциялар нарығының капитализациясы жылдың басына қарағанда 2,9 % немесе 445,2 млрд теңгеге (долларлық көрсетілімде + 3 %) өсіп, 15,9 трлн теңгені құрады. Бұл көрсеткіштің өсуіне бірқатар акциялардың бағаларының өсуі мен жаңа қаржы құралдарының көрсеткіштерін есептеуге қосылуымен байланысты болды.

2019 жылдың наурыз айының соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде 123 эмитенттің 138 атаудағы акциялары болды, соның ішінде екі атаудағысы листингілік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді.

Өткен кезеңде KASE ресми тізіміне "North Caspian Petroleum" АҚ (Норт Каспиан Петролеум) жай акциялары, сондай-ақ 13 компаниялардың: Yandex N.V., Apple Inc., Facebook, Inc., FORD, Intel Corporation, The Coca-Cola Company, Microsoft Corporation, NIKE, Inc., Pfizer Inc., Starbucks Corporation, Tiffany & Co., Tesla, Inc., Exxon Mobil акциялары енгізілді.

Бұл ретте, өткен кезеңде KASE ресми тізімінен **бес атаудағы акциялар шығарылды**: Kaspi.kz артықшылықты акциялары жай акцияларға ауыстырылуына байланысты "Kaspi Bank" АҚ жай және артықшылықты акциялары эмитенттің бастамасымен, "Scipio" АҚ жай акцияларына ауыстырылуына байланысты, "АПАТАУ-ҚҰС" АҚ жай акциялары эмитенттің бастамасымен. Листингілік емес бағалы қағаздар секторынан "GLOTUR DS MULTIMEDIA" АҚ жай акциялары 90 күнтізбелік күн барысында онымен мәмілелер жасалмауына байланысты.

Акциялардың сауда-саттық көлемі 2019 жылдың үш айында 24,6 млрд теңгені құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 45,5 % немесе 20,5 млрд теңгеге азайды.

Нарықтың осы сегментінде барлығы 23 742 мәміле жасалды: 2 – бастапқы нарықта және 23 740 мәміле қайталама нарықта.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 432,2 млн теңгені құрап, 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 43,5 % кеміді. Мәмілелердің орташа күндік саны – 417. Бір мәміленің орташа көлемі – 1 млн теңге.

2019 жылдың бірінші тоқсанында жазылым аясында Ferro-Alloy Resources Limited жай акцияларының орналастырылуы жүзеге асырылды. Компанияның негізгі қызметі – ванадий құрамды рудаларды және ілеспелі өнімдерді шығару, өңдеу және сату. Жазылымға бір KASE мүшесі қатысты, оның клиенттері 14 908 акцияны (ұсынымнан 0,2 %) сатып алуға екі өтінім берді, бұл ретте өтінімдер жеке шоттардан келіп түсті. Жазылым қорытындысы бойынша кесімді баға 0,7 стерлингтер фунты (баламасы 348,698 теңге) деңгейінде тиянақталып, сатып алуға екі өтінімнің екеуі де қанағаттандырылды. Сатудың жиынтық көлемі 10 435,6 стерлингтер фунтын (баламасы 5,198 млн теңге) құрады.

Бұдан басқа, есептік кезеңде:

- жазылым аясында US_FRHC Freedom Holding Corp. 493 335 жай акциясы бір акцияға 3 047,31 теңгеден сатылып, жиынтық сомасы **1,5 млрд теңгені** құрады. Жазылымға үш KASE мүшесі қатысып, 493 448 акцияны (ұсынымнан 92 %) сатып алуға 654 өтінім берді. Бұл ретте 651 өтінім жеке тұлғалардың шотынан (650 шот) келіп түсті, екі өтінім брокерлердің клиенттерінен түсті (институционалдық инвесторлар болып табылмайтын, өзге заңды тұлғалар). Жазылым нәтижесі бойынша барлығы 652 өтінім қанағаттандырылды: жеке тұлғалардың 650 өтінімі 489 144 акцияны жалпы сомасы 1,5 млрд теңге (99,2 %) сатып алуға және сомасы 12,8 млн теңгеге (0,8 %) 4 191 акцияны сатып алуға өзге заңды тұлғалардың екі өтінімі келіп түсті;
- "Рахат" АҚ негізгі акционері болып табылатын – LOTTE CONFECTIONERY CO. LTD – қоғамның жай акцияларын сатып алу бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар шегінде 112,4 мың жай акциясы, бір акцияға 20 228 теңгеден, жалпы сомасы 2,3 млрд теңгеге сатылды. Барлығы сауда-саттыққа 8 KASE мүшесі қатысты, олардың 94 өтінімі белсенді деп мойындалды. Белсенді өтінімдердің жалпы көлемінде брокерлік-дилерлік компаниялардың үлесі 0,7 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 64,6 % құрады, жеке тұлғалардың үлесі – 34,7 %. Барлық белсенді өтінімдер қанағаттандырылды.
- 2019 жылдың екі айында "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ Қазақстан қор биржасында өзінің 115 382 артықшылықты акциясын жалпы сомасы 1,5 млрд теңгеге кері сатып алды. 2019 жылдың 22 сәуірінде, кері стап алу бағдарламасы барысында брокерлермен қабылданған, клиенттің өтінімдерді түгел орындау мақсатында, акционерлермен ақтық есеп айырысу үшін қосымша арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар өткізілді (30.01.19 дейін). Барлығы "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ кері сатып алу бағдарлама шегінде 1 239 087 артықшылықты акциясын жалпы сомасы 15,9 млрд теңгеге кері сатып алды. Осылайша "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ артықшылықты акциялары кері сатып алу бағдарламасын аяқтады.

Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 45,4 % азайып, 24,6 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ең белсенді жеке тұлғалар болды, олардың шоттарына акциялардың жалпы айналымының 49,5 % тиесілі болды. Брокер-дилерлердің қатысу үлесі 21,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың шоттарына 3,8 % тиесілі. Екінші деңгейдегі банктер жыл басынан бастап акциялардың сауда-саттықтарына қатысқан жоқ. Резидент еместердің қатысуы 24,9 % болды.

KASE Индексі

2018 жылдың қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 6,8 % немесе 156,3 нүктеге өсіп, 2 461,26 нүктеге жетті.

KASE өкілетті тізіміне енгізілген акциялар бағаларының 2018 жылда өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акцияға KZT		Бағаның өзгеруі жылдың басынан бастап, %-бен
		теңгемен 01.01.2019	теңгемен 01.04.2019	
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 530,00	3 195,00	+26,28%
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	100,41	112,01	+11,55%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	KCEL	1 850,00	2 010,00	+8,65%
"Кселл" АҚ	KEGC	1 600,64	1 712,89	+7,01%

"KEGOC" АҚ	KZTO	1 342,00	1 395,00	+3,95%
"ҚазТрансОйл" АҚ	CCBN	234,21	233,01	-0,51%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	33 499,00	29 499,99	-11,94%

Қаңтар және ақпан айларындағы баға белгілеулердің күрт өсуі және наурыз айындағы қапталындағы трендтің әрі қарай өсуі KAZ Minerals PLC үлестік қаржы құралдарының өкілетті тізімдегі акцияларды арасында көшбасшысы болуға мүмкіндік берді. Бұл ретте өсімнің негізгі факторлары нарыққа қатысушылары үстіміздегі жылдың бірінші екі айында қайтарылды. Еске сала кетейік, қаңтар айында компания 2018 жылы мыстың өндірісі 14 % өсіп, 294,7 мың тоннаға жеткенін жариялады, бұл жылдық жоспарланған 270-300 мың тонна диапазонының жоғарғы шегіне сәйкес келеді. Ақпан айының соңында 2018 жылдағы қаржылық қызметінің аудит жүргізілген нәтижелері жарияланды, осы есептерде компания өзінің операциялық қызметтерінің жақсаруын көрсетті. Жоғарыда айтылғаннан басқа, АҚШ пен Қытайдың арасындағы сауда-саттық келіссөздердің нәтижесін күтуге қатысты, нарықтың күтілімдері тұсында мыстың бағасы KAZ Minerals PLC. – негізгі өнімінің бағасы өсе түсті. Жылдың басынан бастап Лондонның металлар биржасында мыстың баға белгілеулері 8,7 % өсті.

Ақпан айының басында қаржылық есеп берушілігін жариялаудың алдында "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ акциялары бойынша ралли басталды. Инвесторлар 2018 жылы Қазақстанның ең ірі банкінің "Казкоммерцбанк" АҚ бірігуінен кейін қызмет нәтижелерін позитивті бағалады. Наурыз айының басында "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ 2018 жылдағы қызметінің шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін жариялады. Банктің материалдарына сәйкес, 2018 жылы 254,2 млрд теңге көлемінде кіріс кірді, бұл бір жыл бұрынғыдан 46,7 % артық. Дивиденд төлеуге таза пайданың 50 % немесе бір акцияға 10,78 теңгеден жұмсау нұсқалды. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 18 сәуірге белгіленді, осы жиналыста басқа сұрақтармен қатар дивидендтің ақырғы көлемі бекітіледі.

Индекстің өсуіне елеулі әсерін "Кселл" АҚ мен "KEGOC" АҚ үлестік қаржы құралдарының баға белгілеулері де тигізді. Аталмыш эмитенттердің жай акцияларының бағалары есептік тоқсанның соңғы сауда-саттық күнінде, шетелдік инвесторлар тарапынан өскен сұранысы тұсында, күрт өсті. Осылайша, наурыздың соңы "KEGOC" АҚ акцияларының баға белгілеулері бойынша жаңа тарихи шыңына жету мен "Кселл" АҚ акцияларының баға белгілеулері бойынша төрт жылдан астам уақыттан бері максимумының жаңаруымен сипатталды. Бірақ, қолжеткізген деңгейлерде орнығу болмай қалды – сәуірдің бірінші сауда-саттық күнінде бағалар қайта түзелді.

Ең қатты құлаған "Қазақтелеком" АҚ жай акциялары болды, олардың бағасы 11,94 % арзандап, 29 499,99 теңгеге жетті. Ұлттық телекоммуникациялық компанияның акцияларының баға белгілеулері қаңтар айындағы күрт құлауынан бірте-бірте қалпына келе бастады. Наурыз айының соңында, компанияның Директорлар кеңесі алдын ала бекіткен, 2018 жылға аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігін жариялады. Компанияның айналымнан тыс активтері негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің ұлғаюы есебінен 85 % артты. Компанияның операциялық көрсеткіштері оң динамиканы көрсетті – операциялық кіріс 11 % өсіп, 37,1 млрд теңгеге жетті, таза кіріс 42,9 млрд теңгені құрап, 2017 жылдың нәтижесінен 73 % артты.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2019 жылдың үш айының қорытындысы бойынша Қазақстан қор биржасында саудаланатын корпоративтік борыштың көлемі 7,8 % немесе 838,7 млрд теңгеге өсіп, 11,6 трлн теңгеге жетті.

2019 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдеріне 63 эмитенттің 244 атаудағы облигациялары болды. 2019 жылдың үш айында KASE ресми тізіміне үш эмитенттің "Нқрбанк" АҚ, "Проблемалық несиелер" АҚ және "Сауда-саттықтың көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны" АҚ облигацияларының үш шығарылымы енгізілді.

Жылдың басынан бастап KASE_BMY сауда-саттық алаңының корпоративтік облигацияларының кірістілік индексі 46 б.н. төмендеп, жылдық 10,68 % құрады.

KASE корпоративтік облигациялар сауда-саттығының жалпы көлемі 1,261 трлн теңгені құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 16 есе немесе 1,183 трлн теңгеге өсті. Елеулі өсім бастапқы нарықта да, қайталам нарықта да байқалды.

Орташа күндік көлем 22,1 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 13, бір мәміленің орташа көлемі – 1,1 млн теңге болды.

Барлығы тоғыз эмитенттің облигацияларының он шығарылымы орналастырылды. Тарту көлемі 735,5 млрд теңгеге жетіп, 13,2 есе немесе 679,7 млрд теңгеге өсті. Тарту мөлшерлемесі жылдық 9-12 % аралығында болды.

2019 жылдың наурыз айында "АТФБанк" АҚ корпоративтік облигацияларының екі орналастырылуы жүзеге асырылып, өзінің жеті жылдық облигацияларын жылдық 10,95 % орналастырылып, 60 млрд теңге тартылды; "Банк ЦентрКредит" АҚ өтеуге дейін 6,8 жыл мерзімімен облигацияларын жылдық 10,95 % орналастырып, 27,7 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында ЕДБ үлесі 1,5 %, брокер-дилерлердің үлесі – 0,03 %, өзге институционалдық инвесторлар – 97 %, өзге заңды тұлғалар – 1,4 %, жеке тұлғалар – шамамен 0,1 %. Резидент еместердің үлесі 0,1 % жетер-жетпес.

Корпоративтік облигациялардың қайталам нарығындағы сауда-саттық көлемі есептік кезеңде 503,8 млрд теңгеге өсіп 525,8 млрд теңгеге жетті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша корпоративтік облигациялардың қайталам нарығында ЕДБ үлесі 48,3 %, брокер-дилерлердің үлесі – 1 %, өзге институционалдық инвесторлар – 31,5%, өзге заңды тұлғалар – 18,7 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,5 %. Резидент еместердің қатысу үлесі 1,3 % құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ) НАРЫҒЫ

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналды құны 11,4 трл теңгені құрады, бұл жыл басындағы көрсеткіштен 0,4 % немесе 42,7 млрд теңгеге артты.

KASE МБҚ сауда-саттықтарының көлемі 463,6 млрд теңгені құрап, 2018 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 3,6 есе немесе 333,2 млрд теңгеге артты.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 8,1 млрд теңгені құрады (қайталам нарықта – 1,7 млрд теңге). Орташа күндік мәмілелер саны – 4 (қайталаманарықта – 3). Бір мәміленің орташа көлемі – 2,3 млрд теңге (қайталама нарықта – 703,4 млн теңге).

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 7,6 есе өсіп, қайталам нарықтағы белсенділік өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,8 % өсті.

2019 жылдың үш айында орналастырулардың көлемі 364,4 млрд теңгені құрап, олардың 30,7 млрд теңгесін бес облыстың, Астаны және Шымкент қалаларының Әкімдіктері тартты; Қаржы министрлігі, өтеуге дейін мерзімі 10,6 жылдан 19,8 жылға дейін құбылған, ұзақ мерзімді облигацияларының он шығарылымын жылдық 8,6-8,94 % орналастырып, 333,8 млрд теңгені тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша институционалдық инвесторлардың үлесі 91,6 %, өзге заңды тұлғаларға 8,4 % тиесілі.

Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 99,2 млрд теңге жетіп, яғни, 19,8 % немесе 16,4 млрд теңгеге артты. Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарының үлесі бұрынғыдай жоғары деңгейде – сауда-саттықтың жалпы көлемінде 96,5 % құрайды.

Қайталама нарықтағы ЕДБ үлесі 50 %, брокер-дилерлердің үлесі – 3,3 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі – 21,2 %, өзге заңды тұлғалар – 25,2 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,3 %. Резидент еместердің қатысу үлесі 0,4 % құрады.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік жылдың соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының 22 шығарылымы болды, соның ішінде: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

2019 жылдың бірінші тоқсанында ресми тізімге: Азиялық даму банкінің екі шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің екі шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің екі

шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясы шығарылымы және Еуропалық инвестициялық банктің шығарылымы.

Өткен есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 103,3 млрд теңгені құрады. 2018 жылы нарықтың осы секторында мәмілелер жасалған жоқ.

Бастапқы нарықта сауда-саттық көлемі 103,1 млрд теңгені құрады:

- Азиялық даму банкі, жеті жылдық және бес жылдық облигацияларын орналастырып, 30,5 млрд теңге тартты, орнатылған маржасы жылдық инфляция деңгейінің үстінен 1,3 % және 1 % тиісінше;
- IFC жазылым арқылы, екі жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 8,95 % орналастырып, 22,9 млрд теңге тартты;
- Еуразиялық даму банкі үш жылдық облигацияларды жылдық 9,7 % және үш айлық дисконттық облигацияларды жылдық 9–9,3458 % орналастырып, тиісінше 20 млрд теңгені және 9,8 млрд теңгені тартты;
- Еуропалық қайта құру және даму банкі, жылдық 1 % маржасымен жеті жылдық халықаралық облигацияларды орналастырып, жазылым арқылы 20 млрд теңге тартты.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 123,2 млн теңгені құрады.

Барлығы осы сектордағы инвесторлардың негізгі санаттарында ЕДБ үлесі – 9,5 %, брокер-дилерлер – 0,1 %, өзге институционалдық инвесторлар – 59,6 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 30,8 % құрады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

01 сәуірдегі жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар" секторында алты компанияның басқаруындағы жеті қаржы құралы болды.

Аяқталған кезеңде сауда-саттық көлемі 485,4 млн теңгені құрады, бұл 2018 жылдың ұқсас кезеңіндегі нәтижесінен 69,8 % артық. Көлемдер бойынша көшбасшылары: "Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы CSECgm пайлары (37,5 млн теңге; 3 мәміле), екінші орында – State Street Global Advisors басқаруындағы US_SPY_ пайлары (27,2 млн теңге; 30 мәміле), үшінші орында – "Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы CSECfe пайлары (14,2 млн KZT; 18 мәміле), төртінші орында – FinEx FFIN Kazakhstan Equity ETF қосалқы қорының IE_FXBF акциялары (6,5 млн теңге; 61 мәміле).

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 49,8 %, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы болып табылмайтын заңды тұлғалар – 31,3 %, брокерлік-дилерлік компаниялардың үлесі – 18,9 % құрады.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

Наурыз айының соңындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке тұлғалардың атынан ашылған 118 537 жеке шот болды, бұл жылдың басындағы санынан 1 713 шотқа артық.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫ НАРЫҒЫ

Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында шетел валюталарының сауда-саттықтарына валюталық санаттағы 30 KASE мүшелерінің 28 сауда-саттыққа қатысты.

Шетел валюталары сауда-саттықтарының көлемі 2,565 трлн теңгені құрап, өткен жылдық ұқсас кезеңімен салыстырғанда 17 % немесе 526 млрд теңгеге кем.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 45 млрд теңгені құрады. Орташа күндік мәмілелер саны – 277. Бір мәміленің орташа көлемі – 162,4 млн теңге.

Бірінші тоқсанда теңгенің валюталық нарықтағы жағдайы жалпы алғанда оң нәтижелі болды. Бұған жағымды сыртқы фон мен елі ішіндегі тұрақты макроэкономикалық жағдай себеп болды.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары берілген (жақшада бағамның алдыңғы жылмен салыстырғандағы өзгеруі, бағамның өзгеруі номиналды көрсетілімдегі шетел валютасының теңгеге қатысты биржалық орташа сараланған бағамының өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағамдары, валюта бірлігіне KZT	жылдың соңындағы бағамы (% өзг.)
USD/KZT	38 739,8 (+4,7 %)	99,2 % (+1,1 %)	75 478 (-6 695)	318,31 – 384,20	384,20 (+15,6 %)
RUB/KZT	10 729,0 (-71,4 %)	0,4 % (-1,3 %)	1 546 (-764)	5,2013 – 5,8466	5,5360 (-4,3 %)
CNY/KZT	218,0 (+98,3 %)	0,1 % (+0,04 %)	545 (-341)	50,2850 – 55,2950	55,2950 (+8,6 %)
EUR/KZT	56,6 (0 %)	0,2 % (+0,004 %)	202 (-29)	381,64 – 442,75	426,70 (+7,6 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Наурыз айының соңында TONIA ирндикаторы 3 б.н. өсіп, жылдық 8,29 % құрады. TWINA индикаторының мәні (мерзімі жеті жұмыс күндік репо ашылу мәмілелерінің орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 2 б.н. төмендеп, жылдық 8,25 % құрады.

АҚШ долларымкен валюталық своп сегментінде қарыз алулардың қысқа мерзімді мөлшерлемелері төмендеді. Наурыз айының соңында SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі жылдық 6,92 % құрап, жылдың басынан 51 б.н. төмендеді. SWAP-2D (USD) екі күндік своптың кірістілігі 49 б.н. төмендеп, жылдық 6,89 % құрады.

2019 жылдың бірінші үш айында KazPrime-3M (KZT) индикаторы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің жоғарғы шегін бойынша қозғалысын жылдық 10,25 % деңгейінде жалғастырды.

Бір жұмыс күнге ашылған, USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша мәміленің көлемі арқылы орташа сараланған кірістіліктің мәнін көрсететін, ақша нарығының композиттік индикаторы MM_Index наурыз айының соңында жылдық 8,27 % құрап, 1 б.н. төмендеді.

Репо операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 19 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 0,4 % жоғары. Операциялардың орташа күндік көлемі 334,1 млрд теңге, мәмілелердің орташа күндік саны – 377, бір мәміленің орташа көлемі – 885,7 млн теңгені құрады.

Репо ашылу операциялары сауда-саттықтарының жалпы көлемінен 98 % МБҚ себетімен авторепо мәмілелерінің үлесінде болды. МБҚ себетімен авторепо нарығындағы ең танымал қаржы құралы бір күндік репо операциялары болып қалды, олармен жасалған мәмілелердің МБҚ себетімен авторепо нарығының жалпы көлеміндегі үлесі 92,3 % құрады.

Барлығы бірінші тоқсанда репо нарығындағы мәмілелер жасасуға Биржаның 44 мүшесі қатысты. Резидент еместердің есептік айда қатысу үлесі 0,6 % құрады.

Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі 26,4 % азайып, 8,3 трлн теңгені құрады. Операциялардың орташа күндік көлемі 145,2 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 58, бір мәміленің орташа көлемі – 3,1 млрд теңге болды. Сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі құралдық құрылымы 83,3 % (6,9 трлн теңге немесе 18,3 млрд USD) екі күндік валюталық своп (USDKZT_0_002) мәмілелерінің үлесінде болды.

2019 жылдың 18 ақпанынан бастап биржада орындау мерзімі бір тапта, бір ай және үш ай АҚШ доллары / қазақстандық теңге валюталық жұбына қатысты валюталық своп операцияларының сауда-саттықтары ашылды. 26 ақпанда "ұзын" валюталық своптармен бірінші мәмілелер жасалды – бір мәміле мерзімі бір айлық своптармен сомасы 5 млн АҚШ доллары (1,9 млрд

теңге) және бір апталық своптармен екі мәміле жылдық 7,5 % мөлшерлемесі бойынша жасалып, сомасы 7 млн АҚШ долларын (2,9 млрд теңге) құрады.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Осы кезде биржалық нарықтың осы секторында, базалық активтері АҚШ доллары, KASE индексі және акциялардың кейбір атаулары болып табылатын, фьючерстер саудалауға қолжетімді. Бірінші тоқсанда фьючерстермен мәмілелер жасалған жоқ. Сәуірдің басына қарай деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашылған жайғасымдары болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz